

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және Ақсу қаласы Достық селолық округі әкімінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 11 қазандағы "Ақсу қаласы Достық селолық округінің Достық ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-03/02 шешімінің күші жойылды деп тану туралы"**

Павлодар облысы Ақсу қаласы Достық селолық округі әкімінің 2018 жылғы 28 қарашадағы № 1-03/09 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 желтоқсанда № 6131 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілері туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Ақсу қаласының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2018 жылғы 26 қазандағы № 2-19/910 ұсынысы негізінде, Достық ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсу қаласы Достық ауылдық округінің Достық ауылы аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитарлық іс-шараларды жүргізумен байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Ақсу қаласы Достық селолық округі әкімінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 11 қазандағы "Ақсу қаласы Достық селолық округінің Достық ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-03/02 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5654 болып тіркелген, 2017 жылғы 7 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Достық ауылдық  
округінің әкімі

*Р. Жаксылыков*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Ақсу қаласының  
ветеринария бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы  
2018 жылғы "28" қараша

*Д. Нуржанов*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігінің  
ветеринариялық бақылау және қадағалау  
комитетінің Ақсу қалалық

аумақтық инспекциясы"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

2018 жылғы "28" қараша

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті

Павлодар облысы Қоғамдық денсаулық

сақтау департаментінің Ақсу қалалық

қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы"

республикалық мемлекеттік

мекемесінің басшысы

2018 жылғы "28" қараша

Г. Батаев

А. Жалелов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК